

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

Сундетова Диана Талгатовна

[diana\\_sundetova@mail.ru](mailto:diana_sundetova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Жаратылыстану ғылымдары факультеті  
магистранты

Ғылыми жетекшісі – Инкарова Жанслу Ишановна

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысының (БҚО) жер ресурстарының пайдалануына байланысты түрлері, маңызы және оларды сақтау жолдары қарастырылады. Сонымен қатар облыстың жер ресурстары картасына талдау жасалынған. 2018-2020 жж. БҚО жер санаттарына сандық талдау жасалынған.

**Түйін сөздер:** ауыл шаруашылығы, жер ресурстары, топырақ, егістік, жайылым, шабындық, қайта қалпына келтіру (рекультивация).

Қазақстан Республикасы (ҚР) Еуразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан. ҚР Жер ресурстары елдің ұлттық байлығының негізі, кеңістік базисі, маңызды геосаяси және стратегиялық ресурсы, сондай - ақ азық - түлік қауіпсіздігінің кепілі болып табылады. Сондықтан Жер ресурстарын басқарудың функционалды, заңды сауатты және тиімді құрылымын құру өте маңызды болып табылады. Мемлекет тиісті заң актілерін қабылдай отырып, жерді иеленуге және пайдалануға басыланысты жер қатынастарын реттеп отырады. Бұндағы басты принцип, ол жерге залал келтірмей, оны табиғат объектісі ретінде қорғай отырып, яғни, мемлекет заң жүзінде сан алуан шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысына талаптарды күшейтеді: жерді қорғау және ұтымды пайдалану [1].

Жер ресурстарын пайдалану тиімділігі бірқатар критерийлермен анықталады. Олардың ішінде әлеуметтік, экологиялық және экономикалық деп негізгілерін атап өтуге болады. Қоғам орналасқан даму сатысына байланысты осы немесе басқа критерийдің маңызы артады. Табиғи ресурстарды сақтау үшін табиғатты пайдалану үрдісінде, соның ішінде жер ресурстарын пайдалануда, ықпал ету қарқындылығының тиімді деңгейін анықтау қажет [2].

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалануды жақсартуда аумақтарды ұйымдастырудың инновациялық жобаларын енгізу, егіншілік мәдениетін арттыру, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің белгіленген технологиясын сақтау, ұсынылатын ауыспалы егістерді енгізу және игеру, эрозияға қарсы және басқа да табиғат қорғау іс-шараларын жүзеге асыру бірінші кезектегі маңызға ие [3].

Батыс Қазақстан облысында жеткілікті жер ресурстары бар. Олардың территориясы 15134 мың га тең, оның ішінде 12553 мың га ауыл шаруашылығы жерлері пайдалануға жарамды болып табылады. Облыстың ауыл шаруашылығы жерлерінің негізгі бөлігін жайылымдық жерлер құрайды, Облыстың ауыл шаруашылығы негізінде жерлер олар 2 бағытта қолданылады: егін және мал шаруашылығы. Егін шаруашылығында бірінші көрсеткіш топыраққа байланысты. Облыс аумағы топырағы және климат жағдайлардың ерекшеліктеріне байланысты, ауыл шаруашылығы алқаптарының жыртылу дәрежесін, шаруашылықтың қалыптасқан мамандануын ескере отырып, үш табиғи-экономикалық аймаққа бөлінеді.

Бірінші – астық-мал шаруашылығы, екінші – мал шаруашылығы-астық және үшінші – мал шаруашылығы. Бірінші аймақта – су эрозиясына ұшыраған топырақ аймағы. Бірінші және екінші аймақтарда – жел эрозиясына ұшыраған топырақтың жалпы аймағы. Бірінші аймақтағы


егіншілік жүйесі – ең алдымен дәнді дақылдарды өсірумен одан кейін сугарылмайтын жерлердің топырағын қорғау. Бұл аймақтың жерін пайдаланушылар болып осы аудандарды жатқызамыз: Бөрлі, Шыңғырлау, сондай-ақ Тасқала ауданының, Сырым ауданының барлық ауылдық округтері және Орал қаласының жерлері. Бірінші аймақ жерінің жалпы көлемі 2907,4 мың га құрайды, оның ішінде егістік 608,0 мың га.

Екінші аймақтың егіншілік жүйесі – дәнді және жем-шөп дақылдарын өсірумен, сугармалмайтын жерлердің топырағын қорғау жатады. Егіншіліктің ерекшелігі – топырақ және ауа құрғақшылығының әсерін төмендету болып табылады. Бұл аймаққа Жәнібек, Жаңақала, Қазталов, Қаратөбе; Тасқала ауданының Кашин, Мереке және Шежін ауылдық округтері; Зеленов ауданының Янайкин ауылдық округі; Сырым ауданының Аралтөбе, Бұлдырты, Жосалы ауылдық округтері кіреді.

Мал шаруашылығы бағытындағы үшінші аймақ. Оған Жаңақала, Бөкейорда аудандарының барлық ауылдық округтері; Жәнібек ауданының Ұзынкөл, Күйгенкөл, Қособа, Сарой, Жетікөл-Сырым; Қаратөбе аудандарының Сұлыкөл, Саралжын, Жусандыой ауылдық округтері, Алғабас және Будариннен басқа Ақжайық ауданының ауылдық округтері кіреді. Үшінші аймақта құрғақшылық пен егіннің жыл бойынша тұрақтылығын төмендетуге бағытталған. Егіншілік жүйесі – дәнді-жемдік және жемдік дақылдарды өсірумен, суғарылмайтын жерлерде топырақ қорғау. Басқа топырақ түрлері тараған егіндік жерлердің өнімділігі біршама аздау болып келеді, сондықтан бұндай жерлер мал жаюға пайдаланылады [4].

Батыс Қазақстан облысының аумағы астық өндірісі мен жайылымдық мал шаруашылығы бойынша ауыл шаруашылығы игерілуінің жоғары дәрежесіне ие. Облыстың солтүстік құрғақ далалы бөлігіндегі жерді пайдалану құрылымында егістік желер басым болып келеді.

Жоғарыда аталған жер ресурстарын пайдалану көздеріне байланысты Батыс Қазақстан облысы көлемінде таралған жер ресурстары картасы сызылды (сурет 1).



Сурет 1 – Батыс Қазақстан облысының жер ресурстары

*I. Жыртуға жарамды жерлер (егіндік мақсатта пайдаланылатын суғаруды қажет етпейтін жерлер).*

1 – құрғақ дала (күңгірт қоңыр және күңгірт топырақ, кей бөліктерінде ашық күңгірт жеңіл сазды және сазды топырақ кездеседі);

*II. Жайылымдық және шабындық жерлер (егіндік мақсатта пайдаланылатын суғаруды қажет ететін жерлер).*

2 – орташа өнімділікке ие құрғақ дала (50% сортаңды күңгірт қоңыр топырақ, 40% сортаңды күңгірт топырақ, шалғынды және шалғынды-күңгірт әлсіз сорланған топырақ);

3 – шөлді дала (шөлейтті) (ашық күңгірт топырақтағы сортаң 10%-дан 20% - ға тең, шалғынды және шалғынды - күңгірт әлсіз сорланған топырақ);

4 – шөлді (біртекті әлсіз сорланған қоңыр және сұр-қоңыр топырақ, тақыр тәріздес, шалғынды және шалғынды-батпақты әлсіз сорланған топырақ);

5 – құм және құмды жайылым;

6 – су жайылмасының шалғынды топырағы (көбінесе шабындық жерлер);

7 – сортаң, сор және құрамында сор мен сортаңдар бар кешендер (ауыл шаруашылығында сәл жақсарулар байқалған жағдайда қолданылатын жерлер).

ArcGIS 10.1 бағдарламасы негізінде Батыс Қазақстан облысы жер реурстары картасы құрастырылды. Мұнда, жыртуға жарамды жерлер мен жайылымдық және шабындық жерлер көрсетілді. Облыстың солтүстік бөлігі далалық, астықты-мал шаруашылығы ауыл шаруашылығы аймағына жатады, оған Бөрлі, Зеленов, Сырым, Таскала, Теректі және Шыңғырлау аудандары кіреді. Бұл аймақта дәнді дақылдар, майлы дақылдар, жем-шөп дақылдары, картоп пен көкөністер, жеміс-жидек екпелері шоғырланған. Мал шаруашылығы: сүтті мал шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, өнеркәсіптік құс шаруашылығы және етті-жүнді қой шаруашылығы дамыды.

Облыстың орталық бөлігі құрғақ далалы, мал шаруашылығы-дәнді ауыл шаруашылығы аймағына жатады, оған Ақжайық, Жәнібек, Казталов және Қаратөбе аудандары кіреді. Бұл аймақта олар арпа, мал шаруашылығы қажеттіліктері үшін жемдік мақсаттар үшін күздік қара бидай, күздік және жаздық бидай, тары өндірумен айналысады.

Облыстың оңтүстік бөлігі шөлейт, мал шаруашылығы бағытында ауыл шаруашылығы аймағына жатады, оған Бөкей ордасы, Жаңақала аудандары кіреді. Бұл аймақта жем-шөп дақылдарын, күздік қара бидай мен арпаны өсірумен егіншіліктің топырақ қорғау жүйесімен айналысады. Көкөніс-бақша өнімдері ішкі тұтыну және оны базарларда сату үшін өндіріледі. Етті майлы қой шаруашылығы, табынды жылқы шаруашылығы дамып келеді [7].

Көлемі бойынша ірі алқаптарда желдің күші қатты және ол ауаға көп көлемде топырақтың құнарлы қабатының жоғарғы бетін ұшырып әкетеді. Аумақта шаңды дауылдар тұрып, жердің табиғи құнарлығы төмендеді. Қазіргі таңда БҚО 3 мың га эрозиялық қауіпті жерлер бар, олардың негізгі бөлігі Шыңғырлау және Зеленов аудандарына тиесілі. Тың жерлерді игеруден кейінгі жылдары осы аудандардағы топырақ құнарлығы 1/3 төмендеген, сонымен қатар гумус горизонтының қуаттылығы 3%-дан 2%-ға азайған [5, 6].

2018 және 2020 жылдың 1 қарашасына сәйкес Батыс Қазақстан облысы территориясын жердің санаттары бойынша жіктеу нәтижесі келесідей (мың.га) (кесте 1):

Кесте 1.

Облыс ағауы	Жер санаттары							Жалпы қорытынды
	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы	Елді-мекен	Өнеркәсіп, көлік, байланыс және т.б.	Ерекше қорғалатын табиғи территориялар	Орман қоры	Су қоры	Қор	
БҚО (2018)	6607,0	2323,6	40,1	12,4	216,9	76,0	4394,2	13670,2
БҚО (2019)	7039,5	2323,3	41,8	12,4	216,9	81,5	3954,6	13670,2
БҚО (2020)	7268,5	2323,3	46,8	12,4	217,0	81,5	3720,7	13670,2

Жер санаттарының аудандарында болған өзгерістер әртүрлі мақсаттар үшін жер учаскелерін беруге және жүргізілетін түгендеу мен жерді нақтылау нәтижесінде олардың алаңдарын нақтылауға байланысты жерді бір санаттан екінші санатқа ауыстырумен түсіндіріледі. Кестеге (2 кесте) сәйкес елді-мекендер және ерекше қорғалатын табиғи территориялар аумағы өзгеріссіз сақталған. Ал, ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланатын жер көлемі 661.5 мың.га ұлғайған. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ерекше құқықтық режимге ие және осы жерлерді алып қоюды шектеуге, олардың құнарлылығын сақтауға және арттыруға бағытталған күзетуге жатады. Жер қорының құрылымындағы осы санаттағы жерлердің ауданы 7268,5мың.га немесе пайдаланылатын жерлердің 53% - ын құрайды. Бұл, негізінен, табиғи-климаттық жағдайлардың және шөлді және шөлейтті жайылымдық жерлердің кең алаңдарының болуымен байланысты. Өнеркәсіп, көлік, байланыс және т.б. ауыл шаруашылығы мақсатында емес пайдаланатын жер аумағы 6.7 мың.га артқан. Орман қоры 0.1 мың.га, су қоры 5.5 мың.га кеңейген. Ал, қордағы жер көлемі 673.5 мың.га азайған [9].

2018 және 2020 жылдың 1 қарашасына сәйкес Батыс Қазақстан облысы бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамы келесідей (мың.га) (кесте 2) [8]:

Кесте 2

Облыс ағауы	Барлық жер	Барлық алқап	Егіндік	Көпжылдық көшеттер	Кен	Шабындық	Жайылым	Бақша және қызметтік телім
БҚО (2018)	6607,0	6553,7	536,2	1,8	438,8	411,2	5111,7	1,5
БҚО (2019)	7039,9	6984,9	541,8	2,0	462,4	450,0	5527,2	1,5

БҚО (2020)	726 8,5	7214 ,2	776, 8	1,9	458,0	467, 5	5710 ,2	1.5
---------------	------------	------------	-----------	-----	-------	-----------	------------	-----

Облыста шөл және шөлейт аймақтарда орналасқан өңірлерде жайылымдық жерлердің неғұрлым ірі алқаптары шоғырланған. Жоғарыда көрсетілген кестеге (кесте 3) сәйкес жайылымдық жерлер 598,5 мың.га кеңейген, ал шабындық жер көлемі 19,3 мың.га кеңейген. Бақша және қызметтік телім жерлері өзгеріссіз сақталған, егіндік жерлер 240,6 мың.га кеңейген. Облыстың жер қорларындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің үлес салмағы 53% құрайды.

Қарашығанақ мұнай және газ конденсаты кен орнын игеру нәтижесінде тек ауа ғана емес, сонымен қатар топырақ жамылғысы да ластануға ұшыраған. Бөрілі ауданында ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлердің 1503 гектар құнарлы жерлері газ өндіру өнеркәсібінің қажеттілігіне берілген болатын.

Қазақстанның газ өндіру өнеркәсібі топырақтың құнарлы қабатын сақтау мен оны қайта қалпына келтіруге (рекультивация) аз көңіл бөледі. Шөл және шөлейт зоналарының зардап шеккен аумақтары жергілікті жердің табиғи радиоактивті аясын арттырады және осы күнге дейін бетонды қақпақтармен жабылмаған геологиялық-барлау жұмыстары ұңғымалары салдарынан шұқыр-шұқыр болуынан, техникалардың шыңжыр табандарының кесірінен бұзылуда. Ал, жайылымдық жерлер техникалар салған қара жолдармен кесілген [8].

Республикада әр бұрғылау орындарына технологиялық ережеге сәйкес 3,5 га жер бөлінген. Сондықтан, Батыс Қазақстан облысында Қарашығанақ интегралдау ұйымынан Республикалық автокөліктер жолы Министрлігіне мыңдаған гектар жерді беруді және 1000 га жерді қайта қалпына келтіруді талап ететін «Экология» атты бағдарлама қабылданған болатын. Бірақ бұл бағдарламаның жүзеге асуы өте баяу жүріп келеді.

Топырақ жамылғысын жел эрозиясынан қорғау үшін облыс көлемінде 3 мың гектар орман жолақтары отырғызылған. Басты назар Жайық өзені аңғарындағы орманға бөлінген. Жайық-Көшім жер суармалау жүйесі құрылысының жұмысы су қоймалары мен тоғандардың бойында ағаш отырғызу жұмыстарын қатар алып жүрді. Автокөлік жолдарының бойына да орман жолақтарын отырғызу жұмыстары жүргізілді.

Облыс топырағы құрамында зиянды заттар көп, бірақ олар өсімдік жағдайына қол жетімсіз жерде орналасқан. Егер климаттың ылғалдылығы артса, топырақ құрамындағы зиянды заттар өсімдік үшін қол жетімді жаққа қарай ауысады, нәтижесі экологиялық жағдайдың қарқынды нашарлауына алып келуі мүмкін.

Жер ресурстарын басқару және жер пайдалануды жоспарлау кезінде, түрлі мүдделі тараптардың қатысуын қамтамасыз ету және олардың шешім қабылдау процесі - бұл ең маңызды алғашқы қадам болып табылады. Жер - мемлекеттер, корпорациялар, қауымдар мен жеке тұлғаларға тиесілі және басқарылады. Жер ресурстарына байланысты әрқайсысымыздың денсаулығымыз бен әл-ауқатымыз тікелей байланысты. Қазіргі уақытта әлемде көптеген теориялар бар, оларды шешудің ұтымды жолдарын табуға көп көңіл бөлу керек.

**Қорытынды.** Жер - ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі ресурсы, оның белсенді элементі және материалдық негізі. Жер қорының құрылымы қарама-қарсы екі процестің әсерінен үнемі өзгеріп отырады. Бірі-тіршілік етуге және ауыл шаруашылығына пайдалануға жарамды жерлерді кеңейту үшін күресі; екіншісі — жердің нашарлауы, эрозия, шөлейттену, өнеркәсіптік және көлік құрылысы, пайдалы қазбаларды ашық игеру, тұздану нәтижесінде оларды ауыл шаруашылығы айналымынан алу.

Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде – облыстың барлық аудандарында жер сапасының төмендеу тенденциясы байқалады – ол топырақ

құрамындағы гумустың азаюы, өсімдіктер құрамындағы қоректі заттардың аз болуы азықтық базаның мүмкіншіліктерін төмендеуіне алып келеді. Ауыл шаруашылығы алқаптары бүлінуге, ластануға ұшыраған және құнарлылығын толықтыруға мүмкіндігі азайған. Жалпы айтқанда қоршаған ортаны қорғауымыз керек. Ауыл шаруашылық жерлерін меншіктің қай формасына жатуына қарамастан, жылда құнарлығын арттырып отырудың экономикалық жағынан жетілдіріп отыруға тиіспіз. Сонда ғана ауыл шаруашылығы саласының тұрақты дамуына қол жеткіземіз.

Жер ресурстары өзара іс-қимыл жасайтын және бір-бірімен бәсекелесе алатын кең ауқымды мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылады, осыған байланысты оларды пайдаланудың барлық түрлерін кешенді негізде жоспарлаған және реттеген жөн. Барлық жерде құнарлы жерді сақтау адамзат үшін бірінші міндет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Земельный кодекс РК. – Алматы: «Жети жарғы», 2003 г.
2. Закон Республики Казахстан «О земле» от 24 января 2001 г. №152 – II ЗРК.
3. Закон Республики Казахстан от 30 ноября 2000 года №109 – II «Об оценочной деятельности в Республике Казахстан».
4. Ахметов К.Г, Кудряков К. Г. Система ведения сельского хозяйства Западно Казахстанской области. Уральск, 2004. - С. 8-9, 270.
5. Дюсенбеков З.Д. // Земельные ресурсы Казахстана №5 (44), -С.22-28.
6. Дюсенбеков З.Д. Государственный земельный кадастр в Республике Казахстан (состояние ведения, проблемы) // Земельные ресурсы Казахстана №1 (16), 2003.- С.10-15.
7. Уманец В.Н. Основы земельного кадастра и оценки земель. Алматы, 2005г.
8. АгроИнформ – информационно-аналитический бюллетень Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан Январь №1, март №3, апрель №4, 2003 г.
9. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің ресми сайты [Электрондық ресурс] // - [URL://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher/activities/1033?lang=ru](http://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher/activities/1033?lang=ru)